



БЕКІТЕМІН

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың
стратегиялық даму жөніндегі
басқарма мүшесі – проректор

Ұ.Е. Несіпқалиев

2026 г.

Облыстық оқушылар конкурсы

«Green Minds ЕКТУ: болашақ экологиялық жобалар» конкурсы «Таза Қазақстан» эко жобасы аясында өткізіледі

1. Жалпы ережелер

1.1. «Green Minds ЕКТУ» конкурсы мектеп оқушыларының экология және табиғатты тиімді пайдалану саласындағы зерттеу жұмыстары мен идеяларын қолдауға бағытталған.

1.2. Конкурс Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың Жер туралы ғылымдар мектебі, Тұрақты даму кеңсесі және Green Campus жобасы арқылы шығармашылық идеяларды анықтау, ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылықты арттыру және мектеп оқушыларына университеттің зертханалық базасын пайдалана отырып жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігін беру мақсатында ұйымдастырылады.

1.3. Конкурста қатысу — ерікті және тегін.

1.4. Экологиялық сауаттылықты насихаттау.

2. Қатысушылар

2.1. 7-11 сынып оқушылары, лицейлер мен гимназиялардың оқушылары қатыса алады.

2.2. Қатысушылар 2 санатқа бөлінеді:

1-санат – 7–9 сынып оқушылары;

2-санат – 10–11 сынып оқушылары.

2.3. Қатысу жеке немесе командада (3 адамға дейін) мүмкін.

2.4. Әр қатысушы немесе команда бір ғана жоба ұсына алады.

3. Конкурсқа қойылатын талаптар

3.1. Конкурсқа мектеп жағдайында жабдық немесе зертханалық база жетіспеушілігінен жүзеге асыра алмайтын экология саласындағы ғылыми-зерттеу жобалары қабылданады.

3.2. Жобаны ұсыну формалары:

Презентация (10-12 слайдқа дейін),

Макет/модель (қалауы бойынша, презентация ішінде фото),

Дайын жұмысты бұлттық сақтауға жүктеп, оның сілтемесін өтінім формасына енгізу қажет.

3.3. Жобада көрсетілуі тиіс:

Экологиялық мәселенің өзектілігі;

Максаты мен күтілетін нәтижесі;

Зерттеу гипотезасы (бар болса);

Ұсынылатын зерттеу әдістері;

Жобаны іске асыру үшін қажетті құрал-жабдықтар мен ресурстар тізімі;

Күтілетін практикалық маңызы.

3.4. Жоба түпнұсқа және қатысушы/команда өздері әзірлеген болуы керек.

4. Конкурсты өткізу тәртібі

4.1. Өтініштерді қабылдау кезеңі — қатысушылар жобаның презентациясы немесе сипаттамасын электронды түрде тіркеу формасы арқылы жібереді. Тіркеу мерзімі – 12.01.2026 басталып 17.01.2026 да аяқталады.

4.2. Іріктеу кезеңі — сарапшылар комиссиясы жобаларды конкурс критерийлері бойынша бағалап, финалистерді анықтайды. Іріктеу мерзімі – 19.01.2026-28.01.2026.

4.3. Финалдық кезең — финалистер жобаларын жеке таныстырады (презентация, макетті көрсету). Қорытынды 29-30 қаңтар 2026ж.

4.4. Финал нәтижесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.

5. Жұмыстарды бағалау критерийлері

Экологиялық мәселенің өзектілігі — 20%

Ғылыми негізділігі мен жобаның логикасы — 25%

Шешімнің жаңашылдығы мен ерекше идеясы — 25%

Университет базасында жүзеге асырылу мүмкіндігі — 20%

Рәсімделуі мен презентация сапасы — 10%

6. Марапаттау

6.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер:

Ұйымдастырушылар анықтайтын сыйақы қоры;

Университет зертханаларында ғылыми қызметкерлердің жетекшілігімен жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі;

Қатысушы сертификаттары.

6.2. Кейбір қатысушылар арнайы номинациялармен марапатталуы мүмкін («Үздік экологиялық идея», «Үздік визуализация», «Ең танымал жоба»).

7. Қорытынды ережелер

7.1. Ұйымдастырушылар қатысушылардың идеяларын авторлығын көрсетіп, білім және ғылыми мақсатта пайдалану құқығын сақтайды.

7.2. Өтініш беру қатысушының конкурс ережелерімен келісімін білдіреді.

8. Тіркелуге сілтеме: <https://forms.gle/3qzG9aj1mxRweqWS6>